



Құрметті универсиада қатысушылары! Мәртебелі меймандар! Әріптестер!

Сіздерді Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Атырау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлескен Каспий маңы елдері университеттері студенттерінің VI Халықаралық спорттық ойындарының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын.

Каспий теңізі – біздің мемлекеттеріміздің тарихи мұрасы және оны сақтап, қорғау біздің келешек ұрпақ алдындағы зор жауапкершілігіміз. Қазіргі таңда Каспий өңірі – бейбітшіліктің, тұрақтылық пен тату көршіліктің бесігіне айналған. Осы тұрақтылық негізгі Каспий маңындағы елдердің өзара қарым-қатынасын, ынтымақтастығын сақтап, шынайы татулықтың өлшеміне айналып отыр.

Былтыр Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бастамасымен Атырауда Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері ассоциациясының мерейлі XX бас ассамблеясы өтіп, аталған шараға қауымдастық құрамындағы 50-ден аса жоғары оқу орнының өкілдері салтанатты түрде бас қосқан болатын. Бұл шара – өңір үшін елеулі оқиға болып, ол көршілес, әрі тарихи тағдырлас мемлекеттердің ежелден қалыптасқан достық қарым-қатынасына тың серпін берген еді.

Бүгінгі салтанатты түрде ашылғалы отырған Каспий маңы елдерінің университеттерінің VI Халықаралық спорттық ойындары да осы өз ара достық пен әріптестіктің жарасымды жалғасы сияқты. Халықаралық деңгейдегі спорттық шараға Иран, Азербайжан, Ресей, Түркімен және Қазақстан елінен барлығы 700-ден аса студенттер қатынасып, 10 спорт түрінен атап айтқанда, футбол, баскетбол, шахмат, жеңіл атлетика, каратэ, жүзу, бокс, дзюдо, үстел теннисі ойындарынан сайысқа түсіп, 400 медальдар жиынтығын сарапқа салғалы отыр.

Барлық қатынасышыларға жетістіктер тілейміз. Әдемі ойын көрсетіп, лайықты жеңіске жетіңіздер!



АБЗАЛ ТАЛТЕНОВ
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры

Dear participants of the Universiade! Honored guests! Colleagues!

I wholeheartedly congratulate you on the inauguration of the VI international sports games for students of the universities of the Caspian region countries in the Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov, united with the department of physical culture and sports of the Atyrau region.

The Caspian Sea is a historical heritage of our state, and to preserve and protect it our great responsibility to the future generation. This moment the Caspian region has become the cradle of peace, stability and friendship of neighboring countries. This stability became a measure of true friendship, and preserved the attitude and unanimity of the peoples of the Caspian countries.

Last year, with the initiative of Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov in the city of Atyrau, the XX-th Assembly of Universities of the Caspian countries was held. Representatives of more than 50 higher educational institutions solemnly unite at this event. This event was an important event for our region, and gave scope to the ancient relations of neighboring countries.

Today's grand opening of the VI international sports games for students of the universities of the Caspian region countries is analogous to the continuation of the friendship and partnership of our states.

More than 700 students from Iran, Azerbaijan, Russia, Turkmenistan and Kazakhstan are going to participate in the sports event of the international level, more than 10 sports are to take part in the contest, among them there are football, basketball, chess, athletics, karate, swimming, boxing, judo, table tennis, they will also share 400 medals.

We wish good luck to all participants. Show a good game and achieve a decent victory!

Уважаемые участники Универсиады! Дорогие друзья!

Сердечно поздравляю Вас с открытием VI Международной спортивной спартакиады студентов Прикаспийских государств.

Каспийское море – наше общее достояние, достояние наших государств.

Сохранение и приумножение ее природных ресурсов – это наша ответственность перед будущим поколением.

Сегодня Каспийское море – это море мира, стабильности и добрососедства.

Эта стабильность обеспечивает общее взаимодействие и сотрудничество Прикаспийских государств.

В прошлом году по инициативе Атырауского университета им. Х. Досмұхамедова была проведена XX Генеральная Ассамблея Прикаспийских государств в городе Атырау.

На этом форуме принимали участие свыше 500 представителей ВУЗов. Это было значимое событие для нашего региона и дало сильный импульс для дальнейшего исторического сотрудничества и развитие дружеских отношений между нашими государствами. Я уверен, что VI Международная спортивная спартакиада студентов Прикаспийских государств будет логическим продолжением этой дружбы.

В этой универсиаде международного уровня примут участие спортсмены из Ирана, Азербайджана, РФ, Туркмении и Казахстана. Всего свыше 700 студентов – участников.

Они будут соревноваться по 10 видам спорта, в том числе по футболу, баскетболу, шахматам, каратэ, легкой атлетика, плавание, бокс и другие. Будут разыграны 400 комплектов медалей.

Я желаю всем участникам спартакиады высоких побед. Играйте красиво, побеждайте достойно!

НАЗАРБАЕВ МОДЕЛІ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ ЖӘНЕ ПРАГМАТИЗМ

2018 жылдың 19 қыркүйегінде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің АКТ залында «Назарбаев моделі: стратегиялық болжам және прагматизм» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» кешенді көшпелі көрме жобасы аясында өткен болатын.

Конференцияның мақсаты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қазақстан жолы немесе Назарбаев моделі ретінде белгілі мемлекеттік басқару стратегиясын, оның қоғамның тұрақты дамуындағы, еліміздің тұтастай экономикалық және әлеуметтік-саяси жаңғыруындағы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудағы рөлін талқылау болып табылады.

«Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі ғылыми-білім беру және мәдени-ағартушылық көрме жобасы аясында халықаралық конференциясында Әмірхан Рахымжанов модераторлық етіп, осы конференцияны ұйымдастыруға мол үлесін қосқан Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев пен Университет ректоры А.Талтеновке ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы кітапханасының атынан алғысын білдіріп, алғы сөз облыс әкімі Н.Ноғаевке берілді.

Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев қатысушыларды конференцияның ашылуымен құттықтады.

Осыдан кейін, сөз алған «Назарбаев моделі» конференциясын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов:



– Әлемнің саяси картасында ежелгі қазақ даласының аумағында тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының құрылғанына 26 жыл толды. Бұл Қазақстанның қалыптасуында егемен мемлекет ретінде қоғам өмірінің қарқынды, сапалы әрі терең жаңарған дәуірі ретінде тарихқа енді. Демек, сіздер Қазақстанның экономикалық жетістіктері қандай жолмен келгенін білесіздер. Әлемдік қауымдастықтан жас мемлекетіміздің өз орнын табуы бүкіл қазақстандықтардың қажырлы да ерен еңбегінің арқасында келгенін жақсы түсінеміз. Елбасының тура басшылығымен республикамыз әлемге бірізді кешенді экономикалық реформаның жарқын үлгісін ұсынды, оның негізінде құрылымдылық саяси жаңғыру жүйелі түрде жүргізілді. Әлемнің жетекші мемлекеттерінің басшылары Қазақстанның даму тәжірибесін үздік деп таныды. Мемлекет басшысының жаһандық сипаттағы бастамаларды ұсыну қабілеті, батыл да жемісті реформалық идеялары әлемді мойындатты. Елбасымыз елімізді нақты уақыттың талабына сай өзгертіп, гүлдендірді. Оның саяси сенімінің әдісі – қиындықтарға төтеп беріп, күрделі

сәттерде табанды іздену, ең бастысы – алға жылжуға күш салу, – екенін конференция модераторы атап айтып, – Елбасы қызметі мен тұлғасының сан қырлылығын сараптап алмай, басқару моделін талқылау мүмкін емес, – деп сөзін жалғайды.

Ресей, Түркия, Иран, Өзбекстан елдерінің ғалымдары, аналитиктері мен сарапшылары, сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысқан конференцияда қоғамды трансформациялау және жаңа Қазақстанды қалыптастыру стратегиясын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев тұлғасының Қазақстанның егемендігі мен мемлекеттілігін нығайтудағы рөлі, Тұңғыш Президент – Елбасының сыртқы саяси бастамалары Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы халықаралық мәртебесі мен беделін арттырудың факторы ретінде, жаңа жаһандық ақиқаттағы жаңғырудың қазақстандық үлгісі тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулердің қорытындылары ұсынылды.

asu.edu.kz

МӘУЛЕН ӘШІМБАЕВ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



«Нұр Отан» партиясы Төрағасының орынбасары Мәулен Әшімбаев, Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев, облыс әкім орынбасары Нұрсауле Сайлауова университет студенттерімен кездесіп, өзекті мәселелер жөнінде пікір алысты.

Университет ректоры Абзал Талтенов іссапар аясында келген облыс басшылары мен партия төрағасына

университеттегі ашылып жатырған орталықтарды таныстырды. Жаңа оқу жылына құрылған жоспарларды ортаға сала отырып, қыркүйек айының 24-30 аралығында өтетін Каспий өңірі мемлекеттерінің университеті студенттерінің VI-ші Универсиадасы туралы сөз қозғады.

Мәулен Әшімбаев Елбасының тапсырмаларын қамтамасыз ететін өзекті мәселелерді қозғай отырып, «Партиялық

модернизациялаудың нақты жоспары дайын. Бұл реформаның басты мақсаты – Қазақстанның экономикалық, саяси және рухани салаларында модернизациялау бағытын саяси қолдаудың неғұрлым тиімді тетіктерін құру. Біріншіден, біз партиялық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруымыз қажет. Екіншіден, партия жалпыұлттық күн

тәртібін қалыптастыруға қатысты қатысатын қуатты идея жасаушы, стратегиялық күш болуы тиіс», – деді.

«Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Нұрлан Ноғаев партиялық активте сөйлеген сөзінде өңірдегі Елбасының бес әлеуметтік бастамасын іске асырудағы жұмыстар туралы атап өтті.

«Мемлекет басшысы бастама жасаған барлық бағыттар бойынша облыста ауқымды жұмыстар жүргізілуде. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы Атырау мемлекеттік университетінің базасында IT-орталық құрды. Қысқа мерзімде орталық 113 маман дайындап, оның ішінде облыс және қала мектептерінің 35 оқытушысы бар. Облыс бойынша бағдарламалауды оқытуды жүргізетін барлығы 10 IT-сынып ашылды. Студенттерді жатақханаларда орындармен қамтамасыз етуге назар аударылуда. 2020 жылға дейін біз студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін толықтай шешетін боламыз», – деді Нұрлан Ноғаев.

УНИВЕРСИТЕТ – УНИВЕРСИАДАНЫ ӨТКІЗУГЕ ТОЛЫҚТАЙ ДАЙЫН

Биыл Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Каспий өңірі мемлекеттері университеттері студенттерінің VI универсиадасы өтеді. Осыған орай, спорттық шараның дайындық жұмыстарына жауапты басшы, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Қойшығұлова Ләйлә Ерболатқызы тдайындық жұмыстарының барысымен таныстырған еді.

– Каспий өңірі мемлекеттері университеттері студенттерінің VI универсиадасына дайындық аяқталды ма?

– Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Каспий өңірі мемлекеттері университеттері студенттерінің VI универсиадасын өткізу жұмыс жоспары – 2018 жылдың наурызында бекітілді. Жоспар бойынша штат құрылып, спорт кешенінің директоры Әлібек Қалиұлы жетекшілік жасайды. Универсиада ойындарына бас төреші болып, дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Алпысбай Аралбаев тағайындалды. Жалпы универсиадаға алғашында 5 мемлекеттен спортшылар қатысады деп күтілген. Алайда, Түркіменстан мемлекеті қатыспайтын болды. Сондықтан, Ресей, Иран Ислам республикасы, Әзірбайжан, Қазақстанның Атырау мұнай және газ университеті, Есенов атындағы Ақтау университеті және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері жарыста бақ сынайды. Ресейден 192, Ираннан 63, Әзірбайжан республикасынан 50, Ақтаудан 43, Атырау мұнай және газ университетінен 122 студент, өзіміздің университетімізден 122 студент қатысады деп отырмыз. Жалпы саны 700 – дей студент қатысады деп отырмыз.

Ресми делегациялар 24 қыркүйектен бастап келеді. Университет – Универсиаданы өткізуге толықтай дайын.

Ашылу салтанаты 25 қыркүйек күні университетіміздің спорттық кешенінде өтеді. Ашылу салтанатында қазақ халқының салт-дәстүрін көрсететін этно ауыл тігіледі. Сондай-ақ, ұлттық оркестр құрылып, ұлттық ойындарды, қолөнерімізді қонақтар назарына ұсынамыз. Сонымен қатар, профессор Айсана Отаралиеваның көрмесін тамашалай аласыздар.

– Спорттық ойындар Атырау қаласындағы қандай кешендерде өткізіледі?

– Спорттық шаралар негізінде футбол университетіміздің стадионында, волейбол "Жайық" спорт кешенінде, шахмат төртінші оқу корпусының Іспрасе залында, жеңіл атлетика мен жүзуден спортшылар "Мұнайшы" кешенінде сайысқа түседі. Ал баскетбол, дзюдо, стол тенісі, каратэ, бокс Атыраудың қалалық спорт кешендерінде өтеді. Бұл универсиаданы облыстық спорт басқармасымен бірігіп өткіземіз. Сондай-ақ, спорттық шараға атыраулық бірнеше кәсіпорындар демеушілік жасап отыр.

– Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті атынан қатысатын студенттердің дайындықтары қандай?

– Университетіміздің инновациялық білім беру факультетінде дене шынықтыру және спорт мамандығында әлемдік спорттық жарыстарда топ жарған, Азия ойындары және Қазақстанда чемпион болған студент-



Ләйлә Қойшығұлова
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры

тер оқып жатыр. 2015–2016 жылы университетімізде жаңа баскетбол командасы құрылып, олар 2017 жылы халықаралық лигаға қосылды. 2018 жылы республика бойынша 1 орынды жеңіп алдық. Сондай-ақ, дзюдодан, футболдан және бокстан, каратэден студенттеріміз жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Сондықтан, бұл байрақты бәсекеде біздің студенттеріміз жеңісті қолдан бермейді деп ойлаймын. Қазақстандық спортшылардың басты бәсекелесі Иран мен Ресей командалары екені анық. Бірақ, жеңістің туын жықпайтын жеңімпаз спортшыларымызды баптап отырмыз. Бұған дейін біздің студенттеріміз Иранға, Ресейге, Дағыстанда өткен универсиадаларға қатысты. Команда бойынша 3 орын және жеке 1,2, 3 орындар алып келіп жүрді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Жәнібек ҒАЛЫМ

УНИВЕРСИАДАНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ 9 УНИВЕРСИТЕТТЕН 43 ОҚУ ОРНЫНА КӨБЕЙГЕН

Бұл универсиада Каспий өңірі мемлекеттері университеттерінің студенттері арасында ассамблея аясында өткізілетін үлкен спорттық шара. Бұндай шараның алауы біздің университет тарихында алғаш рет тұтанғалы отыр. Аталмыш шараға дайындық 1 жыл бұрын басталды. Наурыз айында ұйымдастыру орталығының төрағасы Абзал Ахатұлы Талтеңовтың қатысуымен жиналыс ұйымдастырылып, арнайы штаб құрылды. Жауапты адамдарға нақты тапсырма берілді. Универсиаданың бас үйлестірушісі – әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Қойшығұлова Ләйлә Ерболатқызы, транспорт үйлестірушісі – ғылым жөніндегі проректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы, спортшыларды тамақтандыру мен орналастыруға жауапты маман – департамент директоры Мухамбеталиев Әлібек Максимұлы, бас төреші – дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Аралбаев Алпысбай Сейтқалиұлы, мәдени шараларды үйлестіруші – департамент директоры Қорған Бибінұр Бүркітқызы, ұйымдастыру штабының басшысы Мухамбетәлі Амантай Қамиұлы болып бекітілді. Жаз бойы штаб жары-



сты өткізуге дайындық жұмыстарын жүргізді. Барлық мемлекеттерге ереже таратылып, байланыс жасалды. Облыстық спорт басқармасымен бірлесіп отырып, жарыс өтетін жерлер мен төрешілер тізімі анықталды. Спортшылар мен жаттықтырушылар орнығып, тамақтанатын орын дайындалды. Қатысушыларды тасымалдайтын транспортпен келісім шарт жасалды. Жарыс өткізуге керекті құралдар алынды. Универсиада туралы бейне ролик дайындалып, ұлттық нақыштағы медальдар жасалды. Университет құрама командасына НКОК компаниясының

демеушілігімен спорттық киімдер алынды. Қазіргі уақытта университетте универсиаданың салтанатты ашылу рәсіміне дайындық жүргізілуде. Әлі де жасалатын жұмыстар бар.

Бұл Универсиаданың қатысушылары ассамблея құрамындағы 9 дан, 43 университетке көбейген. Университетіміз талай шараны тізгіндеген тәжірибелі ұстаздар мен мамандарға толы. Осындай ұжымның қолдауымен үлкен шараны жоғары деңгейде өткіземіз деп ойлаймын.

Амантай Мухамбетәлі,
Ұйымдастыру штабының басшысы

VI Халықаралық Каспий маңы елдері студенттерінің спорттық ойындарының бағдарламасы

24-25 қыркүйек – Қарсы алу, таныстыру
25 қыркүйек 09:00 – Мандатная комиссия
25 қыркүйек 11:00 – Универсиаданың ашылуы

25-29 қыркүйек – Спорттық ойындар
29-30 қыркүйек – Шығарып салу
Жеңіл атлетика
Өтетін орны: «Мұнайшы» стадионы (толкание ядра, беговые виды)
Х.Досмұхамедов ат. АтМУ стадионы (узундыққа секіру)
Бас төреші: Мамбетов Нуролла Мамбетович.

25.09.18 г.

15.00 – Төрешілік – спорт кешені АтМУ.

I күн – 26 қыркүйек 2018 ж., сәрсенбі

Таңертең. Жарыстың басталуы 10.00

10.00 – Жарыстың бағдарламасы

туралы ақпарат

10.10	100 м	жарыс	әйелдер
10.20	100 м	жарыс	ерлер
10.30	400 м	финал	әйелдер
10.45	400 м	финал	ерлер
11.00	ядро	основные	әйелдер, ерлер
11.10	100 м	финал	әйелдер
11.15	100 м	финал	ерлер

Жарыстың басталуы 16.00 де.

16.00	1500 м	финал	әйелдер
16.10	1500 м	финал	ерлер
16.20	эстафета 4x100 м	финал	әйелдер
16.30	эстафета 4x100 м	финал	ерлер
17.00	Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау		

II күн – 27 қыркүйек 2018 ж., бейсенбі

Таңертең. Жарыстың басталуы 10.00

10.00	200 м	жарыс	әйелдер
10.10	200 м	жарыс	ерлер
10.20	800 м	финал	әйелдер
10.30	800 м	финал	ерлер

10.00 **Ұзындыққа секіру** **основные әйелдер ерлер**

10.45	3000 м	финал	әйелдер
11.00	3000 м	финал	ерлер
11.15	200 м	финал	әйелдер
11.20	200 м	финал	ерлер
11.30	эстафета 4x400 м	финал	әйелдер
11.45	эстафета 4x400 м	финал	ерлер
12.20	Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау		

КАРАТЭ-ДО

Өтетін орны: «Нурсая» ФОК
Бас төреші: Торгаев Сансызбай Салауатович.

26.09.18 ж.

09.30-12.00 – таңғы бағдарлама + КАТА
14.30-18.30 – кешкі бағдарлама + КАТА
18:30 – Жабылуы, жеңімпаздарды марапаттау

ВОЛЕЙБОЛ

(Әйелдер, ерлер)

Өтетін орны: Спорт кешені АтМУ
Бас төреші: Нурсултанов Бухар Атимович.

24 сентября – Күтіп алу

16:00 – 19:00 Команда өкілдерімен техникалық кездесу

Ерлер

25 қыркүйек – Алдын ала кездесу

15:00 АГТУ г. Астрахань РФ – КГУ г. Элиста Калмыкия РФ

17:00 ДГУ г. Махачкала РФ – КГУТИ им. Ш. Есенова г. Актау

26 қыркүйек – Алдын ала кездесу

15:00 ДГУ г. Махачкала РФ – АУНИГ г. Атырау

17:00 АГТУ им. Х. Досмұхамедова – АГТУ г. Астрахань РФ

27 қыркүйек – Алдын ала кездесу

15:00 КГУТИ им. Ш. Есенова г. Актау – АУНИГ г. Атырау

17:00 АГТУ им. Х. Досмұхамедова – КГУ г. Элиста Калмыкия РФ

28 қыркүйек – Жартылай финал кезеңі

14:00 А3 – В3 матч за 5 – 6 орын

16:00 В1 – А2

18:00 А1 – В2

29 қыркүйек – Финалдық кезең.

26 қыркүйек

11:00 ДГУ г. Махачкала РФ – АУНИГ г. Атырау

27 қыркүйек

11:00 АУНИГ г. Атырау – АГТУ им. Х. Досмұхамедова г. Атырау

28 қыркүйек

10:00 АГТУ им. Х. Досмұхамедова г. Атырау – ДГУ г. Махачкала РФ

БОКС

Өтетін орны: «Атырау» спорт кешені

Бас төреші: Чунышкалиев Асылбек Урынғалиевич.

25 қыркүйек

Салмақ өлшеу. 8.00 – 10.00. АтМУ спорт кешені

Жеребе тарту. 10.30 – 11.00. АтМУ спорт кешені

Алдын ала шайқас. 16.00 – 20.00. АтМУ спорт кешені

26 қыркүйек

Салмақ өлшеу. 8.00 – 9.00. АтМУ спорт кешені

Алдын ала шайқас. 15.00 – 19.00. «Атырау» спорт кешені

27 қыркүйек

Салмақ өлшеу. 8.00 – 9.00. АтМУ спорт кешені

Жартылай финал. 15.00 – 19.00. «Атырау» спорт кешені

28 қыркүйек

Салмақ өлшеу. 8.00 – 8.30. АтМУ спорт кешені

Финал. 14.00 – 17.00. «Атырау» спорт кешені

29 қыркүйек

Жарыстың жабылуы.

ДЗЮДО

Өтетін орны: ФОК «Привокзальный»

Бас төреші: Сулейменов Куаныш Мура-тулы

25.09.18 ж. 16.00 – Өкілеттік комитет.

17.00-18.00 – Салмақ өлшеу.

Ерлер: -60,66,73 кг

Әйелдер: -48,52,57 кг

26.09.18 ж.

10.00-17.00 – Алдын ала кездесу

Ерлер: -60,66,73 кг

Әйелдер: -48,52,57 кг

17.00-18.00 – Финалдық кездесу

18.00-19.00 – Салмақ өлшеу.

Ерлер: -81,90,100, +100 кг

Әйелдер: -63,70,78, +78 кг

27.09.18 ж.

10.00-16.00 – Алдын ала кездесу

Ерлер: -81,90,100, +100 кг

Әйелдер: -63,70,78, +78 кг

16.00-17.00 – Финалдық кездесу

17.00 – Жабылуы, марапаттау салтанаты.

ФУТБОЛ

Өтетін орны: АтМУ стадионы

Бас төреші: Султанғалиев Руслан Нурсейтович.

24.09.18 ж.

18.00-19.00 – Өкілеттік комитет, Спорт кешені АтМУ

25.09.18 ж.

15.00 – АГУ (г. Астрахань) – ВГУ (г. Баку)

17.00 – КИМРТ (г. Астрахань) – АГТУ (г. Атырау)

26.09.18 ж.

09.00 – КИМРТ (г. Астрахань) – КГУ (г. Элиста)

11.00 – ВГУ (г. Баку) – АУНГ (г. Атырау)

15.00 – АГТУ (г. Атырау) – КГУ (г. Элиста)

17.00 – АГУ (г. Астрахань) – АУНГ (г. Атырау)

27.09.18 ж.

Жартылай финал

09.00 – А1 – В2

11.00 – В1 – А2

15.00 – 5-6 орындар үшін ойын

28.09.18 ж.

11.00 – 3 орын үшін ойын

15.00 – Финал

17:00 – Жарыс жеңімпаздарын марапаттау

ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Өтетін орны: ФОК «Балықшы»

Бас төреші: Мамутов Риза Ибрагимович

25.09.18 ж.

15.00 – Төрешілік, спорт кешені АтМУ

26.09.18 ж.

Таңғы бағдарлама:

10.00 Жарыстың басталуы (Әйелдер)

12.30 Жарыстың аяқталуы (Әйелдер)

15.00 Жарыстың басталуы (Ерлер)

17.30 Жарыстың аяқталуы (Ерлер)

27.09.18 ж.

Таңғы бағдарлама:

10.00 Жарыстың басталуы (Әйелдер)

12.30 Жарыстың аяқталуы (Әйелдер)

15.00 Жарыстың басталуы (Ерлер)

17.30 Жарыстың аяқталуы (Ерлер)

28.09.18 ж.

Таңғы бағдарлама:

10.00 Жарыстың басталуы (Әйелдер)

12.30 Жарыстың аяқталуы (Әйелдер)

15.00 Жарыстың басталуы (Ерлер)

17.30 Жарыстың аяқталуы (Ерлер)

Үстел теннисі бойынша жеңімпаздарды марапаттау.

ШАХМАТ

Өтетін орны: АтМУ «ISPACE», № 4 оқу ғимараты

Бас төреші: Гайсин Сабырбай Тулегенович

26 қыркүйек

9.30-10.10 – Жарыс қатысушыларын тіркеу

10.30-11.20 – 1 – кезең.

11.30-12.20 – 2 – кезең.

27 қыркүйек

10.00-10.50 – 3 – кезең.

11.00-11.50 – 4 – кезең.

12.00-12.50 – 5 – кезең.

28 қыркүйек

10.00-10.50 – 6 – кезең.

11.00-11.50 – 7 – кезең

12.20 – Жеңімпаздарды марапаттау

ЖҮЗУ

Өтетін орны: г. Атырау, Центральный плавательный бассейн.

Бас төреші: Галкин Иван.

25 қыркүйек

17.00 – Жүзу орнын тексеру, дайындық

26 қыркүйек

9.00 – Өкілеттік комиссия, жарысқа төрешілік

9.30 – Разминка

10.00 – Жарыстың басталуы

50м – вольный стиль

100м – вольный стиль

200м – вольный стиль

400м – вольный стиль

11.30 – Жеңімпаздарды марапаттау

БАСКЕТБОЛ

Өтетін орны: – ФОК «Авангард»

Бас төреші:

Ұймдастырушы: Карпекова Гулия.

Расписание на 25.09.2018.

14:00 – Өкілеттік комиссия, судейство.

15:00 – 17:00 – Ойын

26.09.2018.

09:00 – 11:00 – Ойын

15:00 – 17:00 – Ойын

17:00 – 19:00 – Игры

27.09.2018.

10:00 – 12:00 – Ойын

16:00 – 18:00 – Ойын

28.09.2018.

10:00 – 12:00 – Ойын

16:00 – 18:00 – Ойын

18:30 Жеңімпаздарды марапаттау.

УНИВЕРСИАДА ТАРИХЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

1996 жылы Каспий жағалауы елдерінің ғалымдары мәдени мұраны, биологиялық әртүрлілікті сақтап және нығайтуға, Каспий аймағының экологиялық, саяси теңгерімін, білім беру әлеуетін сақтап қалуға күш-жігерін біріктіру туралы шешім қабылдауының аясында, Каспий жағалауы елдеріндегі университеттер қауымдастығы құрылды.

Бүгінгі таңда аталған қауымдастыққа Каспий аймағындағы бес ел ішінен (Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Түрікменстан, Иран) 46 университеттер мен ғылыми – зерттеу мекемелері мүше болып отыр. Халықаралық спорттық ойындардың тарихы сонау 2000 жылы Астрахан қаласынан бастау алады. Одан кейін араға екі жыл салып жарыс додасы футбол, волейбол, жеңіл атлетика және жүзу жарыстарынан Атырау қаласында жалғасын тапты. Жарыс одан әрмен қыза түсіп, келесі кезекте Иран мемлекетінде өткізілді. Гилан университетінің базасында Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан және Түрікменстандағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында кезекті тартыс болды. Каспий маңы мемлекеттері университеттерінің съезіне арналған соңғы халықаралық форум Дағыстан Республикасында өтті. Бұл 2010 жылдың қыркүйегінде Махачкала қаласында болды.

Жалпы алғанда Қазақстан, Ресей, Иран және басқа елдердегі жоғары оқу орындарының студенттері арасында осындай кең ауқымды спорт жарыстарын өткізу біздің университетімізде ғана емес, бүкіл аймақта үлкен оқиға болып табылады. Халықаралық студенттер арасындағы спорттық жекпе-жектер Каспий маңы мемлекеттері



халықтарының достығын нығайтады, студенттердің физикалық, моральдық және рухани мәдениетін көтереді. Сонымен қатар, мұндай шаралар спорттық дәстүрлерді нығайтады және спортпен шұғылдануды күнделікті өмірімізге қалыптастырады.

Мерей Кенжеғали, 3 курс студенті

КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТТЕРІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ЖАРЫСТАРЫНА ҚАТЫСАТЫН Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ



ПАРАСАТ ЖҰМАБАЙ ЖҰМАБАЙҰЛЫ

Самбодан екі дүркін Қазақстан чемпионы, Әлем чемпионатының қола жүлдегері, спорт шебері. Самбо күресінен ҚР бес дүркін жеңімпазы Әлем кубогінің күміс жүлдегері. Екі дүркін Азия жүлдегері. Самбо күресінен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.




ДӘУРЕН БОЛАТБЕКҰЛЫ

Дзюдодан Қазақстан чемпионы. Азия чемпионы және жүлдегері. Әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері. Евразия ойындарының күміс жүлдегері. Дзюдо күресінен екі дүркін Қазақстан чемпионы.



АМАНЖАН АБУ

II дүркін Қазақстан чемпионы, Чемпион Азия, Әлем чемпионатының қола жүлдегері, спорт шебері.



БАТЫРХАН ОРЫНБАСАРОВ

Атырау командасының шабуылшысы. ДШС 2 курс студенті.



НАСИХАН МАХАМБЕТ

Инновациялық білім беру факультеті, Дене шынықтыру мамандығының 1 курс студенті. Үстел теннисінен спорт шебері. Қытайдың Бейжің қаласындағы Азия чемпионатының қатысушысы. Ресейдің Сочи қаласында өткен халықаралық ойынға қатысушы.



ГАУХАР УТЕГЕНОВА

Инновациялық білім беру факультеті, Дене шынықтыру мамандығының қашықтықтан оқыту бойынша 2 курс студенті. Үстел теннисінен қалалық, облыстық ойындардың бірнеше дүркін чемпионы.



БЕКЖАН БАХЫТОВ

«Су рес.» - 4к студенті Қазақстан чемпионаты 2-ші лигасының ойыншысы. Атырау командасы құрамында қақпашы. 4 курс студенті.



ЭЛЬДАР БОРИСОВ

Атырау командасы қорғаушысы. Қазақстан Республикасы чемпионаты 2-ші лигасының ойыншысы. ДШС 3 курс студенті.



АМАНГЕЛДІ ЕРМЕК

Дзюдо күресінен ҚР екі мәрте жеңімпазы. Балалар арасында өткен Азия ойындарының жүлдегері (Якутия). Азия чемпионатының жүлдегері (Бішкек, Қырғызстан). Халықаралық турнирдің екі мәрте жеңімпазы (Москва, Россия). Европа кубогінің жеңімпазы (Германия, Берлин). Халықаралық турнирдің жүлдегері (АҚШ, Чили). Әлем чемпионатына қатысушы. Дзюдо күресінен ҚР спорт шебері. Университетіміздің 2 курс студенті.



АЙДАНБАЙ ҚАЙЫРБЕРДІ

Самбо күресінен Қазақстанның ІІІ дүркін жеңімпазы. Азия чемпионы. Әлем чемпионатының қола жүлдегері Әлем кубогінің жеңімпазы. Республикалық самбо ойындарының бірнеше дүркін чемпионы.



ҚАЗБЕК САПЕНОВ

Бокстан Азия чемпионатының қола жүлдегері. Х. Досмұхаметов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті.



ПАВЕЛ БАКИРОВ

Дене шынықтыру мамандығында 4 курс студенті. Суда жүзуден (1 разряд)

2001 жылы 29 шілдеде Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келген. Қазіргі таңда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің журналистика мамандығының I курс студенті.

Мен 2001 жылы киелі Қызылқоғаның топырағында дүниеге келіп бәлдірен балалық шағымды, бақытты мектептегі кездерімді өткіздім. 2007 жылы алғаш жерлесіміз, қоғам мен мемлекет қайраткері, энциклопедист-ғалым, профессор Халел Досмұхамедұлының атына берілген 100 жылға жуық тарихы бар орта мектепке қадам бастым. Балалық шағымның мәніне айналған бұл кезеңде ұстаздарымның берген білім нәрімен сусындап, алғашқы қадам басқан білім ордасын үздік бітіріп «Алтын белгі» иегері атандым. Ұстаздарымның үмітін ақтап, мектебімнің 2018 жылғы түлегі атандым. Осы 11 жылда жеткен жетістіктерім аз да емес. Мысалы: Облыстық «Тайсойған сынақ полигоны» үздік шығармалар конкурсы – III орын, аудандық «Қазақстан-2030 стратегиясында Қазақстан дамуының экономикалық



БАҚЫТГҮЛ ЕРКІН

және әлеуметтік модельдері» ғылыми жобалар жарысы – II орын, халықаралық «Инфоурок» қашықтық олимпиадасы орыс әдебиеті пәні бойынша – II орын, аудандық ғылыми пәндер олимпиадасы қазақ әдебиеті пәні бойынша – III орын. Жетістіктеріммен қоса алға қойылған Ұлттық Бірыңғай Тестілеуден ойдағыдай нәтиже көрсетіп Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде журналистика мамандығы бойынша I курс студентімін.

Мен Балтабай Жансая Асқарқызы 2000 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келдім. Туған жерім Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, Кететбай ауылы. Асқар тау әкем мен аяулы анам жайлы айтып өтсем. Әкем – Қошпағанбетов Асқар «Кететбай» ауылдық корпоративте бас инженер. Анам – Сүлейменова Гулжамал «Кететбай» ауылдық ауруханасында социолог медбике болып жұмыс жасайды. 2007 жылы Ә. Молдағұлова атындағы ЖОМ – тің I сыныбының табалдырығын аттадым. Алтын ұя мектебімді 2018 жылы «Алтын белгі» иегері болып тәмамдадым. Қазіргі таңда мұнайлы өлке Атырау облысындағы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Жаратылыстану және мал шаруашылығы» факультетінде «Химия – биология» мамандығы бойынша білім алудамын. Оқу орнына «Серпін» бағдарламасының грантымен оқуға түстім. Әне-міне дегенше I курстың студенті атандым. Таңдаған оқу орным өзіме қатты ұнайды. Бұл жерде студенттерге барлық жағдай, орасан зор мүмкіндіктер қарастырылған. Көзді ашып-



ЖАНСАЯ БАЛТАБАЙ

жұмғанша өте шығатын төрт жыл студенттік уақытты қызықты, жақсы естеліктерге толы болады деген ойдам. Осы университетті, осы мамандықты таңдаудағы басты мақсатым – жақсы білім алып, білікті маман иесі атану. Адам өмірінде екі нәрседен қателеспеу керектігі айтылғанда, оның бірі мамандық таңдау екендігі белгілі. Мамандық таңдау – өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау. Мен өз мамандығымды дұрыс таңдадым деп ойлаймын. Менің мамандығым химия – биология.

Адамға Алланың берген ерекше қасиеті – армандай білу. Ал, нені, қалай армандайсың – ол әр адамның өз өрісіне, өзіне деген сеніміне байланысты. Адам баласының арманы көп қой, шіркін! Арман адамды алға жетелеп, көптеген ерліктерге, батыл әрекеттерге итермелейді. Менің де мектеп кезінде көптеген армандарым болатын. Сол арманыма мақсатқа айналғалы ойым толысқан, жеке пікірім бар тұлға ретінде қалыптасып келемін. 10-сыныпта оқып жүргенде – ақ «ұстаз берсам», «балаларға білім берсам» деген күштарлық санамда орнай бастады. Жүреkte бүршік жарған балаң арман мектепті тәмәмдағанға дейінгі қабылданған маңызды шешіммен жалғасты.

Ендігі кезек оқу орнын таңдауда болды. Басқа қалаға барып білім алу менің де ойымда болды. Алайда, менің таңдауым туған жерімдегі Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті болды. «Алтын белгі» иегерлеріне университет ректоры бөлген грант – еңбекті бағалау мен жастардың болашағына сенімді жол ашу деп білемін.

Университет өзіне сай жаңа технологиялармен жабдықталған. Оқу күнінің басталғанына көп уақыт болмаса оқу орны мені әлі де таңқалдырып келеді. Та-



АЙКӨРКЕМ СӘТІБЕК

ныстар тауып, өзіме орта қалыптастырып, білім көкжиегім кеңейіп келеді. Сонымен бірге университетте білім ала жүріп, жан-жақты өнерімді ортаға салып, өзіңді жаңа қырынан көрсетуге мол мүмкіндіктер жасалған. Бұл оқу орнын таңдауыма өлке тарихының да ықпалы зор болды. Себебі, осы оқу орнына есімі берілген Х. Досмұхамедов менің туған жерім киелі Тайсойған топырағында дүниеге келген.

Мұнда оқыған әрбір студент түрлі ғылыми жобалар мен республикалық, тіпті халықаралық спорт, білім сайыстарына қатыса алады. Оған дайындайтын оқытушылар да білімді де білікті мамандар.

Мен 2000 жылы 12 қазанда Атырау қаласында дүниеге келдім. Қаламыздағы Исатай Тайманов атындағы №27 орта мектебінің түлегі әрі алтын белгі иегерімін.

Алтын белгіге үміткер болған сәттен бастап оқушыға үлкен жауапкершілік пен міндет артылады. Сол міндетті абыроймен алып шықтым деген ойдам. Алтын белгі иегері атану сабақты жақсы оқумен ғана шектелмейді, сонымен қатар ұйымдастырылатын әртүрлі қалалық, облыстық сайыстарға қатысып, білімін шыңдау арқылы өзін көрсете білуді де қажет етеді. Менің де жетістіктерім аз емес. Алғаш 8 сынып оқып жүргенде математика секциясы бойынша республикалық ғылыми жобада бақ сынап, «Алғыс хат» иелендім. Кейіннен 9 сыныпта Международный дистанционный олимпиаде по технологии проекта «Инфоурок» атты сайыста «Сертификат»; «Кю» олимпиадасында математика пәні бойынша «Сертификат» алдым; 10 сыныпта «Менің елім» балалар мен жастардың өлкетану фестивалында «Дипломант» атандым, кейін «British Bulldog» сайысында «Сертифи-



АРУЖАН ТЫҢЫСОВА

кат» алдым. 2016 – 2017 оқу жылында «Қазақстан ұстаздары» қоғамымен ұйымдастырылған республикалық қашықтық олимпиададан «Технология» пәні бойынша I орынды иеленсем, 2016 – 2017 оқу жылында «Табысқа жеткізетін төлқұжат» бағдарламасы бойынша «Жетістік Сертификатымен» – марапатталдым.

Әр сайысқа немесе жобаға қатысар алдында толқу мен үрей міндетті түрде болады. Сол толқу мен үрейді жеңу үшін әртүрлі психологиялық кітаптар оқитынмын. Кітаптар біраз көмегін тигізді.

АТЫРАУДА ТҰНҒЫШ РЕТ ПАРАДЗЮДОДАН ӘЛЕМ КУБОГІ ӨТТІ



2018 жылдың 9-10 қыркүйекте Қазақстан тарихында тұңғыш рет ерлермен әйелдер арасында Атырау қаласында парадзюдодан Әлем кубогі жоғары дәрежеде өтті. Жарысқа әлемнің 20 мемлекетінің мықты парадзюдосылары қатысты. Бұл жарыста бокс салмақта күрескен университетіміздің студенті Сариев Ануар

5-ші орынды иеленді. Бұл жарыс 2020 жылы Токияда өтетін жазғы Олимпиада ойындарына жолдама алу үшін ұпайлар берілді. Жарыстан кейін Еуропаның және Азия мемлекеттерінің мықты баткерлері мастер класс жаттығу сабақтарын өткізді. Университетіміздің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 20 студенті қатысты.

БІЛІМ КҮНІНДЕ «БІЛІМ КІЛТІ» ТАБЫСТАЛДЫ



Қыркүйек айының 3-і күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Білім күніне арналған жиын өтті.

Мерекелік шараның алғашқы құттықтау сөзі университет ректоры Талтенов Абзал Ахатұлына берілді. Университет табалдырығын алғаш аттап,

жаңа сатыға көтерілген 1 курс студенттеріне сәттілік тілеп, білім шыңына жетулеріне тілектестік білдірді.

Білім кілтінің университетіміздің белсенді студенттері, оқу орнының табалдырығын алғаш аттаған студенттерге табыстады, шара соғы мерекелік концертпен жалғасын тапты.

ҒАРИФОЛЛА ЕСІМ «ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ» МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

2018 жылдың 14 қыркүйегінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ҚР мәдениет және спорт министрлігінің кеңесшісі, белгілі қоғам қайраткері, ҚР Ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есіммен кездесу болып өтті.

Кездесуді университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры С.Н.Идрисов кіріспе сөзбен ашты. Ол өз сөзінде С.Н.Идрисов Ғарифолла Есімнің ғылыми еңбектеріне, қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқтала келіп, бүгінгі кездесудің басты мақсаты – ҚР Білім және Ғылым министрлігі, А.Байтұрсынов атындағы Тілдер институты мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына ұлттық ғылыми – практикалық орталық» бекіткен «Қазақ емлесінің негізгі

ережелерін» талқылауға арналатындығын атап өтті.

Академик Ғарифолла Есім өз сөзінде Тәуелсіздік, Астана және Қазақ тілі еліміздің үш тұғыры екенін айта келіп, «Тіл тәуелсіздігі» мәселесін көтерді. Академик «тілдің тәуелсіздігі ТӘУЕЛСІЗДІК ұғымын кеңейте түседі» деп атап өтті.

Аталмыш мәселеге байланысты Ғ.Есім университет ұжымы мен студенттер қауымын «Қазақ емлесінің негізгі ережелерімен» таныстырды.

Ғарифолла Есім бұл «жоба» негізінде бекігендігін, дегенмен де, алдағы уақытта әр аймақтардағы тіл мамандары мен зиялы қауымның пікірлерін сараптау мақсаты көзделетіндігіне тоқталды.

Кездесу барысында «жобаға» байланысты өз ойларын ф.ғ.д. про-



фессор Ж. Қадір, фил.ғ.к., доцент Ж.Абдрахманова, фил.ғ.к., Г.Сабинова т.б. білдірді.

Кездесу соңында университет проректоры С.Н.Идрисов қорытынды сөз сөйлеп,

Қазақстандағы латын графикасына көшуге байланысты Елбасының ұстанып отырған саясатын Атырау мемлекеттік университеті ұжымының толық қолдайтындығын атап өтті.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Мәншүк МҰҚАШЕВА – Бас редактор
Жәнібек ҒАЛЫМ – Бас редактордың орынбасары
Владислав ШИГАЕВ – дизайнер-бет құрушы
Журналистер:
Журналистика кафедрасының оқытушылары мен студенттері.
Электрондық пошта – zhurnalistika@asu.edu.kz

Авторлар жарияланымдағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 10 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #74. Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Жарбосынов көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана